



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 31 наурыз

### **Ұлттық Банкте 2016 жылы тікелей инвестициялардың рекордтық ағынына түсініктеме берді**

2016 жылы төлем балансының «Тікелей инвестициялар» бабы бойынша капиталдың тікелей әкелінуі 14,4 млрд. АҚШ долларынан асты. ҚР Ұлттық Банкінің хабарлауынша, бұған дейін ағынның ең жоғарғы көрсеткіші 13,1 млрд. АҚШ долларын құраған және ол 2008 жылы тіркелген болатын.

«Шетелдік тікелей инвестициялардың рекордтық ағыны 2016 жылы Қазақстан төлем балансын қаржыландырудың негізгі қаржы көзі болды», – деп түсіндірді ҚРҰБ-да. Қаржы реттеушісінің деректері бойынша 2016 жылы шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) Қазақстанға жалпы ағыны 2015 жылмен салыстырғанда 40%-ға ұлғайып, 20,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Тау-кен өнеркәсібі, геологиялық барлау және іздестіру қызметі және өңдеуші өнеркәсіп ШТИ-ді негізгі алушылар болды.

«ШТИ ағыны құрауыштарының бірі бейрезиденттердің кірістерін қайта қаржыландыруы болды, оның көлемі 2016 жылы 4,9 млрд. АҚШ долларынан асты. Бірлескен қазақстандық кәсіпорындар кірістерінің өсуімен қатар шетелдік инвесторлар кәсіпорындардың өндірістік қызметін қаржыландыру үшін елде қалдыратын өз пайдаларының үлесін ұлғайтты», – деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінде.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)